

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Көсембай негізгі мектебі 2023-2024 оқу жылы бойынша психологиялық қызметтің атқарылған жұмыстары туралы ақпарат.

2023-2024 оқу жылында білім беру процесіне қатысушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуы мен әл-ауқатына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру, тез дамып келе жатқан ақпараттың қоғамда оқушылардың қалыпты әлеуметтенуіне көмек көрсету, психологиялық қызмет негізінде әр оқушыға жеке дара қолдау көрсету мақсатында тамыз, қыркүйек айында психологиялық қызметтің жылдық жоспары құрылып, бірнеше әдістемелер өткізіліп, нәтижесі шығарылды.

Қыркүйек айында 1-сынып оқушыларымен Керн Ирасек әдістемесі жүргізілді. Мақсаты: Мектепке дейінгі даярлықтың жалпы оқуға деңгейін анықтау. Диагностикаға 10 оқушы қатысты. Нәтижесінде 8 оқушының оқуға дайын, 2 оқушының оқуға орташа деңгейде дайын екендігі анықталды.

1-сынып оқушыларының мектепке бейімделу деңгейін анықтау мақсатында «Менің сыныбым» әдістемесі жүргізілді. Нәтижесінде қалыпты деңгей анықталды, «Мұғалімнен алыста» позициясы, яғни мектепке бейімделуінде қиындық туындаған бала болған жоқ.



6-7-8-9 сынып оқушыларынан Бассе Даркидің агрессиялық деңгейін анықтау әдістемесі алынды. Қорытынды бойынша оқушылардың агрессия және қастандық деңгейі қалыпты жағдайды көрсетті.

Бастауыш сынып оқушыларымен психологиялық тренинг өткізілді. Мақсаты:Өз ортасында психологиялық ахуал қалыптастыру, сенімділікке баулу, өзіндік «Мен» ұғымын қалыптастыру, үлкен ортада еркіндікке тәрбиелеу.



5-сынып оқушыларымен олардың көңіл-күйлерін көтеру, ұжымдық ортада өзін-өзі ұйымдастыру мақсатында жүргізілген «Із кесуші» акциясына оқушылар аса қызығушылықпен қатысты.



Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі қарым-қатынасы туралы түсініктер беру арқылы ата-аналардың білімін көтеруге көмектесу мақсатында «Менің отбасым сыйластық, жарастық орнаған ортам» атты ата-аналармен психологиялық тренинг өтті.



Қазан айында 6-7 сынып оқушыларынан Зунге шкаласы сауалнамасы алынды. Мақсаты: Жалпы зерттеулер кезінде

депрессияның алдын-алу. Нәтижесінде барлығында «депрессиясыз күй» анықталды.

Сонымен қатар 1-сынып ата-аналарына баланың мектепке бейімделу кезеңінде кездесетін қиындықтарға байланысты кеңестер берілді.

Балаларға меркелек көңіл-күй сыйлау мақсатында 3-4 сынып оқушыларымен «Мереке» акциясы, оқушылардың көңіл-күйлерін көтеру, ойларын ширату, сергіту мақсатында 7-8 сынып оқушыларымен «Клейдоскоп» психологиялық ойындары ұйымдастырылды.



Сынып оқушылармен орта буынға бейімделуге байланысты «Менің сыныбым» әдістемесі өткізілді, бейімделу қалыпты жағдайда екені анықталды.

5-6-7 сыныптардан Гудман сауалнамасы алынды.

Мақсаты: Жасөспірімдердің мінез-құлықтарындағы күшті жақтары қиындықтарын анықтау. Нәтижесінде қалыпты жағдай анықталды.

8-9 сыныптардан баланың бойындағы стресс, депрессия, үрей деңгейін анықтау мақсатында DASS сауалнамасы алынып, оң нәтижелер көрсетті, сұхбатқа шақырылған балалар болған жоқ.

Қараша айында 5-9 сынып оқушыларынан қарым-қатынасты анықтау, лидерлік қабілетімен оқшауланған баланы анықтау мақсатында социометрия әдістемесі алынды. Зорлық-зомбылықтың алдын-алу бойынша ата-аналармен кездесулер ұйымдасиырылып, кеңестер берілді. Бастауыш сынып оқушыларымен психомоториканы дамыту жұмыстары ұйымдастырылды.



5-6-7 сынып оқушыларымен жайлы көңіл-күй сыйлау, өзара ынтымақтаатықты жоғарылату мақсатында «Құпия дос» акциясы өтті. Сонымен қатар «Сәмкесіз бір күн» акциясына жоғары белсенділікпен қатысты.





Желтоқсан айында 9-сынып оқушыларының кәсіби тұлғалық типті бағалау мен тұлғаның әлеуметтік бағытын анықтау мақсатында Д. Голландтың тұлғаның типтерін анықтау тестісі алынып, Іскер, Зияткерлік, Әлеуметтік типтің балалары анықталды. Спилберг-Ханиктің мазасыздық деңгейін анықтау сауалнамасы алынып, орташа, төмен деңгейлер анықталды. Ата-аналарға «Позитивті ата-ана болуға не көмектеседі» атты кеңес берілді. Бастауыш сынып оқушыларымен психомоториканы дамыту жаттығулары ұйымдастырылды.



Қаңтар айында 9-сынып оқушыларымен «Емтихан» іскерлік ойыны ұйымдастырылды.

4-сынып оқушыларынан «Кактус» әдістемесі алынды.

Ақпан айында сұраныс бойынша кеңестер беріліп, бастауыш сынып оқушыларымен түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. 4,9-сынып оқушыларымен тестке психологиялық дайындық өткізілді.



4-сынып оқушыларының танымдық процестерін зерттеуге арналған әдістеме алынып, сынып жетекшілеріне ұсыныстар берілді.

Жыл бойы буллинг, кибербуллинг, құқық бұзушылықтың алдын-алу, ерте жүктіліктің алдын-алу т.б назардан тыс қалған жоқ. Сенім жәшігі жұмыс жасап, қорытындыланып, хаттамалары жасалынды. Тәуекел тобында оқушы жоқ.

Педагог-психолог: Р.Қ. Шутенова